

14 мамыр 2026 ж.

## ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2026 жылғы 31 наурызда аяқталған бірінші тоқсанға арналған

«2026 жылдың бірінші тоқсанында KAZ Minerals бүкіл Топ бойынша операциялық тиімділікті арттыруға жоғары басымдық беруді жалғастырды. Ақтоғай байыту фабрикалары мыс өндірудің негізгі көзі болды, бұл ретте Топтың жиынтық өндіріс көлемі 88 мың тоннаны құрады. Топ активтері портфелінің тұрақтылығы есепті кезеңнің қорытындылары бойынша кезекті рет дәлелденді, бұған барлық өндірістік алаңдардағы тиімді операциялық қызмет пен берік ұзақ мерзімді ресурстық база ықпал етті»,

— Андрей Третьяков, Топтың Басқарма Төрағасы

		Өндіріс			Іске асыру		
		1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025	1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Мыс <sup>1</sup>	мың тонна	87,9	94,0	90,4	82,3	106,9	80,3
Алтын <sup>2</sup>	мың унция	28,5	36,6	31,0	30,9	35,5	32,7
Күміс <sup>2</sup>	мың унция	856	1 094	884	822	961	895
Концентраттағы мырыш	мың тонна	10,4	19,5	9,3	11,3	17,1	9,6
Концентраттағы молибден	тонна	1 127	1 051	1122	1165	1 324	1 049

**Өндіріс**  
<sup>1</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі  
<sup>2</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

**Сату:**  
<sup>1</sup> Ақтоғай кен орнының оксид кенінен толлинг және катодты мыс схемасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі  
<sup>2</sup> Толлинг схемасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

### НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

**◆ Мыс**  
 2026 жылдың бірінші тоқсанында мыс өндірісінің көлемі 87,9 мың тоннаны құрады, бұл негізінен Бозшакөлдегі және Шығыс өңіріндегі өндіріс көлемінің қысқаруына байланысты алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 6%-ға төмен болды. Есепті тоқсанда Ақтоғай мыс өндірісінің негізгі үлесін қамтамасыз етті. Мыс сату көлемі 82,3 мың тоннаны құрап, өндіріс көлемінен 6%-ға төмен болды, бұл негізінен жеткізілімдерге тән уақытша факторлармен, соның ішінде жеткізу жолындағы катодты мыс көлемінің ұлғаюы және есепті күнге балқыту қуаттарында аяқталмаған өндірістің жинақталуы нәтижесінде қалыптасты.

**◆ Бағалы металдар**  
 2026 жылдың бірінші тоқсанында алтын мен күміс өндірісінің көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда төмендеді, бұл ең алдымен Шығыс өңірінде және Бозымшақта тау-кен жұмыстарының металл мөлшері төмен учаскелерге ауысуына байланысты құрамында металл мөлшері төмен кенді өңдеумен байланысты болды. Бозшакөлде де кен құрамының өзгеруіне байланысты қайта өңдеу көлемдерінің және металды алу коэффициенттерінің төмендеуі байқалды.

**◆ Концентраттағы мырыш**  
 Концентраттағы мырыш өндірісінің көлемі 10,4 мың тоннаны құрады және алдыңғы тоқсан деңгейінен төмен болды, бұл негізінен қаңтар айында Николаев байыту фабрикасында жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден кейін Шығыс өңірінде қайта өңдеу көлемінің қысқаруымен байланысты.

**◆ Концентраттағы молибден**  
 Концентраттағы молибден өндірісінің көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 7%-ға артып, 1 127 тоннаға жетті, бұл Ақтоғай мен Бозшакөлдегі өндірістің ұлғаюымен және металды алу көрсеткіштерінің жақсаруымен байланысты.

## **РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ**

KAZ Minerals International FZCO (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Top) – Қазақстанда ірі ауқымды және төмен шығынды кен орындарды ашық әдіспен игеретін мыс өндіруші. Top Қазақстан Республикасы Абай және Павлодар облыстарындағы Ақтоғай және Бозшакөл ашық үлгідегі кеніштерінде, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарындағы үш жерасты кеніші мен ілеспе байыту фабрикаларында, сондай-ақ Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде операциялық қызметін жүргізеді.

KAZ Minerals Қазақстанда және Қырғызстанда 14 000-нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді.

---

## **Қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері:**

Максут Жапабаев – Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы | Тел.: +7 727 244 03 53 | [Maksut.Zhapabaev@kazminerals.com](mailto:Maksut.Zhapabaev@kazminerals.com)

Джиллиан Литтл – Корпоративтік хатшы, Дубай | Тел.: +971 4 560 5100 | [Gillian.Little@kazminerals.com](mailto:Gillian.Little@kazminerals.com)

# Металл өндіру

1-Қосымшадағы қосымша ақпарат.

## Мыс

**87,9 мың тонна**

2025 ж. 4-тоқ.  
94,0 мың тонна

2025 ж. 1-тоқ.  
90,4 мың тонна

Кәсіпорындар бойынша өндіріс (мың тонна)*	1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Ақтоғай	55,7	54,1	56,0
Бозшакөл	21,8	27,0	23,4
Шығыс өңірі және Бозымшақ	10,4	12,9	11,0

\*Соның ішінде Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі.

- **Ақтоғай** – Мыс өндірісінің көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 3%-ға артты, бұл сульфидті кенді қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы және мыс мөлшерінің орташа көрсеткішінің 0,41%-ға дейін артуы есебінен қамтамасыз етілді (2025 ж. 4-тоқ.: 0,40%).
- **Бозшакөл** – Мыс өндірісінің көлемі 19%-ға қысқарды, бұл сульфидті фабрикадағы қайта өңдеу көлемінің төмендеуін, сондай-ақ кен құрамының өзгеруіне байланысты өңделетін кендегі мыс мөлшерінің орташа көрсеткішінің 0,36%-ға дейін төмендеуін көрсетеді (2025 ж. 4-тоқ.: 0,43%).
- **Шығыс өңірі және Бозымшақ** – Шығыс өңірінде мыс өндірісінің көлемі 9,0 мың тоннаға дейін төмендеді (2025 ж. 4-тоқ.: 11,2 мың тонна), бұл қаңтар айында Николаев байыту фабрикасында жоспарлы техникалық қызмет көрсетудің жүргізілуіне байланысты болды және ішінара екі фабрикадағы мыс мөлшерінің жоғарылауымен және металды алу көрсеткіштерінің жақсаруымен өтелді. Бозымшақта мыс өндірісінің көлемі 1,4 мың тоннаны құрап, алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 18%-ға төмендеді (2025 ж. 4-тоқ.: 1,7 мың тонна), бұл негізінен өңделетін кендегі мыс мөлшерінің орташа көрсеткішінің 0,67%-ға дейін төмендеуімен байланысты (2025 ж. 4-тоқ.: 0,77%).

## Алтын

**28.5 мың унция**

2025 ж. 4-тоқ.  
36,6 мың унция

2025 ж. 1-тоқ.  
31,0 мың унция

Кәсіпорындар бойынша өндіріс (мың унция)*	1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Ақтоғай	1,1	1,7	0,6
Бозшакөл	18,0	22,0	22,2
Шығыс өңірі және Бозымшақ	9,4	12,9	8,2

\*Соның ішінде концентраттағы төленетін металл

Ескертпе: Ақтоғайдағы алтын өндірісінің көлемі коммерциялық тұрғыдан төленетін концентраттағы алтынды көрсетеді.

- **Бозшакөл** – Алтын өндірісінің көлемі 18%-ға қысқарды, бұл негізінен қайта өңдеу көлемінің төмендеуіне, алтын мөлшерінің және металды алу коэффициентінің төмендеуіне байланысты болды, өз кезегінде бұл кен құрамының өзгеруімен негізделген.
- **Шығыс өңірі және Бозымшақ** – Шығыс өңірінде алтын өндірісінің көлемі 3,1 мың унцияға дейін төмендеді (2025 ж. 4-тоқ.: 4,6 мың унция), бұл негізінен қайта өңдеу көлемінің қысқаруына және кендегі алтын мөлшерінің төмендеуіне байланысты. Бозымшақта өндіріс көлемі 6,3 мың унцияны құрап, тоқсаннан тоқсанға шаққанда 24%-ға төмендеді (2025 ж. 4-тоқ.: 8,3 мың унция), бұл негізінен алтынның орташа мөлшерінің 1,07 г/т-ге дейін төмендеуімен (2025 ж. 4-тоқ.: 1,25 г/т) және металды алу коэффициентінің төмендеуімен байланысты.

# Металл өндіру

1-Қосымшадағы қосымша ақпарат.

## Күміс

**856 мың унция**

2025 ж. 4-тоқ. 1094 мың унция

2025 ж. 1-тоқ. 884 мың унция

Кәсіпорындар бойынша өндіріс (мың унция)*	1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Ақтоғай	316	309	328
Бозшакөл	163	193	184
Шығыс өңірі және Бозымшақ	377	592	372

\*Соның ішінде концентраттағы төленетін металл

- **Ақтоғай** – Күміс өндірісінің көлемі тоқсаннан тоқсанға шаққанда 2%-ға артты (2025 ж. 4-тоқ.: 309 мың унция), бұл қайта өңдеу көлемдерінің ұлғаюы және металды алу коэффициентінің 73,7%-ға дейін жоғарылауының нәтижесінде қамтамасыз етілді (2025 ж. 4-тоқ.: 71,9%).
- **Бозшакөл** – Күміс өндірісінің көлемі 16%-ға қысқарды (2025 ж. 4-тоқ.: 193 мың унция), бұл негізінен қайта өңдеу көлемінің және металды алу коэффициентінің төмендеуімен байланысты болды, бұл ретте төмендеу кендегі күміс мөлшерінің орташа көрсеткішінің 1,41 г/т-ге дейін артуымен (2025 ж. 4-тоқ.: 1,38 г/т) ішінара өтелді.
- **Шығыс өңірі және Бозымшақ** – Күміс өндірісінің көлемі 377 мың унцияға дейін төмендеді (2025 ж. 4-тоқ.: 592 мың унция), бұл ретте төмендеу екі кәсіпорында да тіркелді. Шығыс өңіріндегі өндіріс көлемі 37%-ға қысқарып, 344 мың унцияны құрады (2025 ж. 4-тоқ.: 549 мың унция), бұл негізінен қайта өңдеу көлемінің төмендеуін көрсетеді. Бозымшақта өндіріс көлемі 33 мың унцияны құрап, тоқсаннан тоқсанға шаққанда 23%-ға төмендеді (2025 ж. 4-тоқ.: 43 мың унция), бұл негізінен өңделетін кендегі күміс мөлшерінің орташа көрсеткішінің 6,27 г/т-ге дейін төмендеуімен байланысты (2025 ж. 4-тоқ.: 7,15 г/т).

## Концентраттағы мырыш

**10.4 мың тонна**

2025 ж. 4-тоқ. 19,5 мың тонна

2025 ж. 1-тоқ. 9,3 мың тонна

Кәсіпорындар бойынша өндіріс (мың тонна)	1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Шығыс өңірі	10,4	19,5	9,3

- **Шығыс өңірі** – Концентраттағы мырыш өндірісінің көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 47%-ға төмендеді, бұл өңделетін кен көлемінің қысқаруын көрсетеді.

## Концентраттағы молибден

**1,127 тонна**

2025 ж. 4-тоқ. 1051 т

2025 ж. 1-тоқ. 1122 т

Кәсіпорындар бойынша өндіріс (т)	1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Ақтоғай	1 020	989	1 009
Бозшакөл	107	62	113

- **Ақтоғай** – Концентраттағы молибден өндірісінің көлемі 1 020 тоннаны құрап, алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 3%-ға артты, бұл қайта өңдеу көлемдерінің тұрақтылығын, металл мөлшерінің сақталуын және сонымен қатар металды алу коэффициентінің жақсарғанын көрсетеді.
- **Бозшакөл** – Концентраттағы молибден өндірісінің көлемі 107 тоннаға дейін өсті (2025 ж. 4-тоқ.: 62 тонна), бұл ретте металды алу коэффициенттерінің

артуы есепті тоқсанда қайта өңдеу көлемдерінің төмендеуін артығымен өтеді.

## № 1 ҚОСЫМША

Ақтоғай		1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Кен өндіру	мың тонна	19 392	19 611	19 485
<i>Сульфидті кен</i>	мың тонна	19 075	18 331	18 120
<i>Оксидті кен</i>	мың тонна	317	1 280	1 365
Қайта өңделген кен	мың тонна	15 594	15 365	15 161
Өңделген кендегі орташа мөлшері	%	0,41	0,40	0,42
Концентраттағы мыс	мың тонна	55,3	53,0	55,1
<b>Мыс өндіру <sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>52,8</b>	<b>50,6</b>	<b>52,6</b>
Сілтісіздендіру алаңдарындағы тотыққан кен	мың тонна	317	1 280	1 365
Құрамы	%	0,21	0,22	0,23
<b>Катодты мысты өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>2,9</b>	<b>3,5</b>	<b>3,4</b>
<b>Мыс өндірісінің жалпы көлемі <sup>2</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>55,7</b>	<b>54,1</b>	<b>56,0</b>
Алтын өндіру <sup>1</sup>	мың унция	1,1	1,7	0,6
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	316	309	328
Концентраттағы молибден өндіру	тонна	1 020	989	1 009
<b>Бозшакөл</b>				
		1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Кен өндіру	мың тонна	7 486	9 269	9 075
<i>Сульфидті кен</i>	мың тонна	5 856	7 534	7 515
<i>Сазды кен</i>	мың тонна	1 630	1 735	1 560
Қайта өңделген кен	мың тонна	8 543	9 025	8 883
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,36	0,43	0,37
Концентраттағы мыс	мың тонна	22,8	28,3	24,5
<b>Мыс өндіру <sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>21,8</b>	<b>27,0</b>	<b>23,4</b>
Алтын өндіру <sup>1</sup>	мың унция	18,0	22,0	22,2
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	163	193	184
Концентраттағы молибден өндіру	тонна	107	62	113
<b>Шығыс өңірі және Бозымшақ</b>				
		1-тоқ. 2026	4-тоқ. 2025	1-тоқ. 2025
Кен өндіру	мың тонна	867	916	844
Қайта өңделген кен	мың тонна	754	957	794
Өңделген кендегі орташа мөлшері	%	1,63	1,62	1,62
<i>Шығыс өңірі</i>	%	2,13	1,95	2,10
<i>Бозымшақ</i>	%	0,67	0,77	0,61
Концентраттағы мыс	мың тонна	11,0	13,5	11,5
<i>Шығыс өңірі</i>	мың тонна	9,5	11,7	10,2
<i>Бозымшақ</i>	мың тонна	1,5	1,8	1,3
<b>Мыс өндіру <sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>10,4</b>	<b>12,9</b>	<b>11,0</b>
<i>Шығыс өңірі</i>	мың тонна	9,0	11,2	9,7
<i>Бозымшақ</i>	мың тонна	1,4	1,7	1,3
Алтын өндіру <sup>1</sup>	мың унция	9,4	12,9	8,2
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	377	592	372
Концентраттағы мырыш өндіру	мың тонна	10,4	19,5	9,3

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі<sup>2</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі